

«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ



«БЕКІТІЛДІ»  
Ғылыми көңес шешімімен  
№1 хаттама, «27» тамыз 2024 жыл

**КРЕДИТТИК ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕССІН  
ҰЙЫМДАСТАЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРИ**

Арқалық, 2024

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдастында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидалары (өзгерту енгізілді-КР ҰКМ 04.04.2023 №145 бұйрығымен)*

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдастында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Занының 5-3 бабының 13) тармақшасына (бұдан әрі - Зан), "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 88) тармақшасына (бұдан әрі – Ереже) сәйкес әзірленген және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдастыру (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) оқытудың кредиттік технологиясы бойынша (бұдан әрі - ОКТ) оқу процесін үйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады (2-тармақта өзгерту енгізілді-КР ҒЖБМ 29.04.2024 №203 бұйрығымен):

1) академиялық еркіндік - білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін үйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;

2) академиялық кезең (Term) (терм) – семестр және триместр сияқты екі нысанның біреуін ЖЖОКБҰ өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;

3) академиялық кредит - білім алушының және (немесе) оқытушының (педагогтің) білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;

4) академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іш-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;

5) академиялық сағат - оқу сабактарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені, оқу сабактарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады;

6) академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушыларды белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа ЖЖОКБҰ-ға (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып

өз ЖЖОКБҰ-да немесе басқа ЖЖОКБҰ-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;

7) белсенді үлестірмелі материалдар (БҮМ) (Hand-outs) - білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты менгеру үшін оқу сабактарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);

8) білім алушылардың оқудағы жетістігі - білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті;

9) білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

10) білім алушының академиялық рейтингі (Rating) (ретинг) - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модулдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың менгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

11) білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады;

12) екі дипломдық білім беру - қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі;

13) Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі (ECTS) – білім алушының шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шенберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі;

14) жеке оқу жоспары - білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде әдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;

15) кредиттік ұтқырлық – білім алушыларды өзі оқитын ЖЖОКБҰ-да оқуын жалғастыру шенберінде – академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне орын ауыстыру

(ұтқырлық фазасынан соң білім алушылар оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады);

16) қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор) - қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.

17) модуль - дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері түрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар менгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері;

18) модульдік оқыту - білім беру бағдарламасының модульдік құрылымы, оқу жоспары және оқу пәндері негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;

19) негізгі білім беру бағдарламасы (Major) (мажор) - негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы;

20) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

21) оқу пәніне жазу (Enrollment) - білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі;

22) оқытудың кредиттік технологиясы - білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, тандауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

23) оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОБӨЖ) – ЖЖОКБҰ немесе оқытушы анықтайтын жеке кесте бойынша жүргізіледі; білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОДӨЖ) болып бөлінеді;

24) постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) - зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модулдер) және оқу жұмысының басқа түрлері;

25) пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) - пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері;

26) транскрипт (Transcript) (транскрипт) - кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған күжат;

27) тыютор – білім алушыға нақты пәнді және (немесе) модульді игеруге көмектесетін академиялық консультант рөлін атқарушы оқытушы;

28) үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) - таңдал алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);

29) әдвайзер (Advisor) - тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;

30) элективті пәндер - жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шенберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру үйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өнірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер;

3. ОКТ бойынша оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

1) білім көлемін біріздендіру;

2) оқытууды барынша дараңандыру үшін жағдай жасау;

3) білім алушылардың өзіндік жұмыстарының рөлі мен тиімділігін күшейту;

4) білім алушының оқудағы жетістіктерін оларды тиімді әрі ашық бақылау ресімдері негізінде анықтау болып табылады.

4. ОКТ мыналарды қамтиды:

1) білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша еңбек шығынын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;

2) білім алушылардың ЖОЖ қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін, ЭПК-ге енгізілген пәндерді және (немесе) модульдерді таңдау еркіндігі;

3) ЖЖОКБҰ-лар үшін пәндерге тіркеу кезінде білім алушылардың оқытушыны таңдау еркіндігі;

4) оқу процесіне білім алушылардың білім траекториясын таңдауына ықпал ететін әдвайзерлерді тарту;

5) интерактивті оқыту әдістерін пайдалану;

6) білім беру бағдарламасын игеруде білім алушылардың өзіндік жұмысын жандандыру;

7) факультеттің (институттың) және кафедралардың оқу процесін ұйымдастырудағы, ЖЖОКБҰ-ға арналған білім беру бағдарламаларын қалыптастырудағы академиялық еркіндігі;

8) оқу процесін ұйымдастыруда оқытушылардың академиялық еркіндігі;

9) оқу процесін қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;

10) білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістері;

11) әр оқу пәні және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингілік жүйесін пайдалану.

5. ОКТ білім алушының оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың жеке білім траекториясын таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде жүзеге асырылады.

## **2-тарау. ОКТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі**

### **1-параграф . ОКТ кезіндегі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары**

6. Оқу жоспарлары екі түрде өзірленеді:

- 1) жеке оқу жоспарлары (бұдан әрі - ЖОЖ);
- 2) оқу жұмыс жоспарлары (бұдан әрі - ОЖЖ).

7. ЖЖОКБҰ әр білім беру бағдарламасы бойынша элективті пәндердің каталогын (бұдан әрі - ЭПК) өзірлейді.

ЭПК білім алушыларды жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

8. білім беру бағдарламасының және ЭПК негізінде білім алушылар әдвайзерлердің көмегімен ЖОЖ өзірлейді.

ЖОЖ әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын бөлек анықтайды. ЖОЖ-ға міндетті компоненттің (МК), ЖОО компонентінің (ЖК) және таңдау компонентінің (ТК) пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практика,ғылыми-зерттеу / эксперименттік-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестаттау нысандары) кіреді.

9. Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында қысқартылған мерзіммен білім беру бағдарламалары бойынша білім алушы:

1) қол жеткізілген оқу нәтижелеріне, алдыңғы білім деңгейінде игерілген пререквизиттерге байланысты өзінің жеке оқу жоспарын қалыптастырады, оларды ЖЖОКБҰ міндетті түрде қайта есептейді және оның транскриптіне енгізеді;

2) ЖЖОКБҰ қолданыстағы білім беру бағдарламасының негізінде дербес анықтайтын жеке оқу мерзімін және білім беру бағдарламасының көлемін иеленеді.

10. ЭПК, ЖОЖ, ОЖЖ жасау мен бекіту нысанын, тәртібін ЖЖОКБҰ дербес анықтайды.

11. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру кезінде әр оқу пәнінің көлемі академиялық кредиттердің тұтас санын құрайды. Бұл ретте, 5 академиялық кредиттен кем емес көлеммен анықталады. Пәнді 3-4 академиялық кредитпен бағалауға рұқсат етіледі.

12. Дене шынықтыруды, тілдер пәндерін қоспағанда, әр оқу пәні қайталанбайтын бір атаудан құралады.

13. Оқу пәндерінің мазмұны үлгілік оқу жоспаратымен және (немесе) оқу жұмыс бағдарламаларымен (силлабустармен) анықталады.

14. Үлгілік оку бағдарламалары (бұдан әрі - УОБ) бакалавриатта ЖБП циклының міндетті компонентінің пәндері бойынша Ереженің 15-тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленеді.

15. Оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабустарды) білім беру бағдарламасының барлық пәндері бойынша ЖЖОКБҰ дербес әзірлейді.

Оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабустарды) әзірлеу мен бекітудің нысанын, құрылымын, тәртібін ЖЖОКБҰ дербес анықтайды.

16. Бір модульдің көлемін білім беру үйымы дербес анықтайды және екі және одан да көп оқу пәндерінен немесе бір және одан да көп пәндердің оқу жұмысының басқа түрлерімен үйлесімінен тұрады.

17. Кәсіптік практикалар, қорытынды аттестаттау білім беру бағдарламасының тиісті модульдеріне қосылады. Бұл ретте кәсіптік практиканың әрбір түрі түрлі модульдерге жатқызылуы мүмкін.

## **2-параграф. ОКТ бойынша оқу процесі**

18. Бір оқу жылы шенберінде оқу процесін үйымдастыру ЖЖОКБҰ-ның білім беру үйымының ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілетін академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

Академиялық күнтізбеде оқу жылы ішіндегі оқу сабактарын, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіптік практикаларды және оқу жұмысының басқа түрлерін өткізуіндегі кезеңдері, демалыс күндері (демалыстар мен мерекелер) көрініс табады.

19. Әр академиялық кезең білім алушылардың аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.

20. Каникулдар білім алушыларға оқу жылы ішінде кемінде 2 рет беріледі, демалыстың жалпы ұзактығы, бітіруші курсы қоспағанда, кемінде 7 аптаны құрауы тиіс.

21. Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады.

Кәсіптік практиканың негізгі түрлері оқу, педагогикалық, өндірістік, дипломалды және зерттеу практикалар болып табылады.

Оқу процесін үйымдастыру кезінде академиялық кезеңнен бөлек, сондай-ақ академиялық кезеңмен қатар кәсіптік практиканы енгізуге рұқсат етіледі.

Кәсіптік практиканың нәтижелері аралық аттестаттау корытындыларын жасау кезінде ескеріледі.

Практиканың ұзактығы 30 сағатқа тең апта ішінде (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат) практикадағы білім алушының нормативтік жұмыс уақытына қарай аптамен анықталады.

Қазақстан Республикасының аумағында Үкіметтің және ЖЖОКБҰ шешімі бойынша құрылған, Үкімет шешімі бойынша халықаралық стратегиялық әріптестік орнатқан шетелдік ЖЖОКБҰ және (немесе) шетелдік ЖЖОКБҰ филиалдары практика түрлерін дербес айқындаиды.

22. Білім алушылардың қосымша білім алуға, академиялық қарыздарын немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықтарын жоюға, басқа білім беру

ұйымдарындағы оқу пәндерін оқуға және кредиттерді менгеруге, өзі оқытын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымында міндепті түрде қайта сынақ тапсыруға, орташа үлгерім балын көтеруге (GPA), аралас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде екі дипломдық білім беру шенберіндегі білім беру бағдарламасын игеруге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестрді енгізуге рұқсат етіледі (бітіруші курсы қоспағанда).

23. Оқу жұмысы көлемін жоспарлаған кезде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең болатыны негізге алынады. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

24. Бір қазақстандық академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) ECTS-тің 1 кредитіне (25-30 академиялық сағат) сәйкес келеді.

25. Оқытудың кредиттік технологиясында білім алушының өзіндік жұмысы екі бөлімге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмыска (ОБӘЖ) және толық өзі орындағытын жұмыс (ОБӘЖ - БӘЖ).

БӘЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.

26. Білім алушының оқытушымен байланыс жұмысының арасындағы уақыт арақатынасын және оқу қызметінің барлық түрлері бойынша БӘЖ-ні ЖҟОКБҰ дербес анықтайды. Бұл ретте аудиториялық жұмыс көлемі әр пән көлемінің кемінде отыз пайзызын құрайды.

27. Теориялық оқыту мен аралық аттестаттауды жоспарлау бірынғай кредиттер көлемімен жүзеге асырылады, яғни әр пән бойынша кредиттердің жалпы саны оны оқытудан, сондай-ақ осы пән бойынша дайындықтан және аралық аттестаттау нысанынан өтуден құралады.

28. Әр оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады.

29. Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау академиялық сағаттармен және (немесе) кредиттермен жүзеге асырылады. Бұл ретте, аудиториялық сабактардағы педагогикалық жүктеме 1 академиялық сағат 50 минутқа тең деген нормаға сәйкес есептеледі. Оқу жұмысының басқа түрлері бойынша педагогикалық жүктеме ЖҟОКБҰ дербес белгілеген норма негізінде есептеледі.

30. Академиялық лектер мен топтар осы пәнге және осы оқытушыға жазылған білім алушылардың жеткілікті саны және олардың рентабельділігінің жеткілікті деңгейіне қол жеткізу принципі бойынша қалыптасады.

Академиялық лек пен топтың толығуын ЖҟОКБҰ дербес анықтайды.

31. Білім алушылардың оқу пәндеріне (Enrollment) жазылуын Офис-регистратор үйымдастырады. Бұл ретте білім алушылармен үйымдастыру-әдістемелік және консультация беру жұмыстарын жүргізу үшін білім алушыларды қолдау қызметі мен әдвайзерлер тартылады.

32. Білім алушы жеке оқу траекториясын анықтау кезінде ЖОО компоненті және таңдау компоненті шеңберінде:

- 1) негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді;
- 2) қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді тандайды (бар болса).

33. Негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау мен игеру тәртібі пререквизиттердің болуын ескере отырып жүзеге асырылады.

Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау мен игеру тәртібі аралас және бейіндік білім беру бағдарламалар бойынша қосымша құзыреттерді алу, сондай-ақ білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылады.

34. Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша таңдалатын пәндердің көлемін ЖЖОКБҰ дербес анықтайды. Бұл ретте, қосымша білім беру бағдарлама пәндерін білім алушылар ЖК және (немесе) ТК пәндері шеңберінде зерделейді және олардың көлемі негізгі білім беру бағдарламасы бойынша тиісті дәрежені немесе біліктілікті беруге қажетті академиялық кредиттердің жалпы көлеміне кіреді.

35. Оқу пәндеріне жазылу процесінде білім алушы өзінің ЖОЖ қалыптастырады. Бұл ретте олар:

- 1) оқытудың кредитік технологиясы бойынша оқу процесін үйімдастыру қағидаларымен танысады;
- 2) оқу пәндеріне тіркеудің және ЖОЖ-ға өзгерістер енгізуудің белгіленген мерзімдерін сактайды;
- 3) игерілген пререквизиттерді ескере отырып, пәндерге жазылады.

36. Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар "A"-дан "D"-ға дейін азаю арқылы және "қанағаттанарлықсыз" – "FX", "F") балдармен бағаланады.

"FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда білім алушының ЖЖОКБҰ-ның академиялық құнтізбесіне сәйкес пән/модуль бойынша қорытынды бақылауды (емтиханды) оқу пәнінің/модулдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ бір реттен артық емес қайта тапсыру мүмкіндігіне ие.

"F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабактарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырады.

37. Білім беру бағдарламасын іске асыру сапасын арттыру және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында пән/модуль бойынша оқыту және қорытынды бақылау процестері бөлінеді.

38. Офис-регистратор осы бүйрыққа 2-қосымшаға сәйкес білім алушыларды аралық аттестаттау нәтижелерінің тұрақты мониторингін және олардың талдауын бағалау кестесіне сәйкес жүргізеді, ол білім алушылардың топтарында өту деңгейінен жоғары абсолюттік бағалардың нақты пайыздық бөлінуін көрсетеді.

39. Білім алушыға оқу пәндері (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша, сондай-ақ білім беру бағдарламаны зерделеу аяқталған соң академиялық кредиттер беру олардың қол жеткізген оқу нәтижелері оң бағаланған жағдайда жүзеге асырылады.

40. Білім алушының алдыңғы оқу деңгейлерінде және формальды және формальды емес білім берудің басқа ұйымдарында қол жеткізген оқу нәтижелері мен алған оң бағаларын ЖЖОКБҰ академиялық кредиттерді қайта санау арқылы дербес таниды.

41. Ауыстыру, қайта қабылдау кезінде қол жеткізілген оқу нәтижелері, білім алушының оң бағалары академиялық кредиттерді бір білім беру бағдарламадан екіншісіне, бір ЖЖОКБҰ-дан екінші ЖЖОКБҰ-ға ауыстыру арқылы танылады.

42. Барлық академиялық кредиттер және білім алушының формальды және формальды емес білім берудегі алған оқу нәтижелері бүкіл өмір бойы жиналады және ЖЖОКБҰ дербес қайта есептейді.

**Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес бағалаудың әріптік жүйесі**

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	
A-	3,67	90-94	Өте жақсы
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	Жақсы
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлық
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	Қанағаттанарлықсыз

## Танысу парағы

№	Т.А.Э.	Колы
1.	Мурзинов М. А.	Луцк
2.	Ольхина Елена С.Б.	Луцк
3.	Пантелеймонова Л. С.	Луцк
4.	Кончина Г. С.	Луцк
5.	Енисиевский Д.	Луцк
6.	Ганиев А. А.	Луцк
7.	Колищев С. Г.	Луцк
8.	Сабитовская Т.	Луцк
9.	Ракетчиков З. А.	Луцк
10.	Ширяева А. К.	Луцк
11.	Фадеева А. А.	Луцк
12.	Салагашова Г. Г.	Луцк
13.	Жасалыкова А. А.	Луцк
14.	Бондаревская Н. Н.	Луцк
15.	Каримова Т. О.	Луцк